

2017 жылғы 14 тамызда  
облыстық мәслихаттың  
сессиясында жария етілген

**Ақтөбе облыстық энергетика және  
тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы  
басқармасының басшысы  
Д.С.Амановқа**

### **Депутаттық сауал**

*Құрметті Дастан Серікұлы!*

Байғанин ауданы Ебейті ауылын ауыз сумен жабдықтау нысандарының құрылысына жалпы құны 212,5 млн. теңге қаржы қарастырылған. Мердігер анықталып, биылғы жылға 50,0 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмыстары кестеге сай жүргізілуде.

Алайда, ауыл тұрғындарын ауыз судың сапасы алаңдатуда. 2014 жылғы 26 тамыздағы №04-052214 мемлекеттік сараптама қорытындысы бойынша жер асты сулары СанПиН 3.02.004.04 талаптарына сәйкес келмейді делінген. Суды тұшытып, жұмсарту үшін арнайы қондырғы орнату ұсынылған.

Айта кететін болсақ, 2010-2011 жылдары Оймауыт ауылында ауыз сумен қамту бойынша құрылыс жұмыстары жүргізіліп, судың сапасыз болып шығуына байланысты, бүгінде ауыл тұрғындары суды тасып ішуге мәжбүр болып отыр. Қазіргі таңда жобалау – сметалық құжаттама қайта жасақталып, құрылыс жұмыстарын алдағы жылдары қайта жүргізу көзделіп отыр.

Бұлақтыкөл ауылында да жоғарыда аталғандай құрылыс жұмыстары жүргізіліп, судың сапасыз болып шығуына байланысты, тұрғындар ауыз суды пайдалана алмады. Су тазарту құрылғысын сатып алуға осы жылы жергілікті бюджеттен 16,9 млн. теңге қаражат бөлініп отыр.

Осы Оймауыт пен Бұлақтыкөл ауылдарындағы орын алған жағдайларды ескере отырып, Ебейті ауылының ауыз сумен қамтылуы, бюджеттен қайта – қайта қаражат шығындауға әкеледі деген күдік бар, өйткені, суды тұшытып жұмсартатын қондырғыны қалыпты деңгейде ұстау, уақытылы сүзгілерін алмастыру үшін, бюджеттен жыл сайын қосымша қаражат қажет ететін болады.

Ебейті ауылынан 20 шақырым жерде орналасқан Керегеннен қазіргі таңда көршілес Атырау облысының Мақат, Сағыз ауылдары жер асты тұщы суын алып отыр. Ащы суды тұшытып, жұмсартуға қаражат жұмсамай, осы тұщы судың жер асты қорларын зерттеп, пайдалануға беруге болмас па еді.

**Құрметпен,  
Облыстық  
мәслихаттың депутаты**

**Ә.С.Сарманова**